

ӘОЖ 342.724

А. Алтынбекқызы, И.С. Амреева*

I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, заң факультеті, Қазақстан, Талдықорған қ.
*E-mail: isatanovna@mail.ru

Конституциялық құқықтық теңдіктің теориялық мәселелері

Мақалада теңдік мәселесінің теориялық сауалнамаларының теңсіздігінің жан-жақты қырлары қарастырылған. Құқықтық теңдік пен формальды теңсіздіктердің анықтамаларына сипаттама беріле отырып, салыстырмалы түрде зерттеліп ашылған. Қоғамдық қатынастарда кездесетін, заңсыз теңсіздіктің мағынасы ашылып, әрекет етуші нормативті құқықтық актілерден көрініс табу жолдары көрсетілген. Заңсыз теңсіздіктің қоғамдық қатынастардағы рөліне көңіл аударылған. Формалды теңдіктің мақсаты айқындалған.

Түйін сөздер: теңдік, тең құқықтық, үстірт теңдік, теңсіздік.

А. Алтынбекқызы, И.С. Амреева

Конституционные права теоретических вопросов равенства

В статье со всех сторон рассматриваются теоретические вопросы равенства, даны понятия и виды неравенства. А также описаны виды равноправия, равенство и сделан анализ неравноправности в формальном описании, который исследовался в сравнительном виде. Были раскрыты цели неравноправности при использовании нормативно правовых актов и выявлены пути их решений. Описана роль общественных отношений при незаконной равноправности. Была выявлена формальная цель равенства.

Ключевые слова: равенство, равноправие, формальное равенство, неравенство.

А. Altynbekkyzy, I.S. Amreeva

Constitutional rights teoretickehik equality issues

In article theoretical questions of equality from all directions were considered, concepts and types of inequality were given. And also types of equality, equality are described and the inequality analysis in the formal description which was investigated in a comparative look is made. The inequality purposes were opened when using standardly legal acts and ways of their decisions are revealed. The role of the public relations is described at an illegal equivalence. Were revealed the formal purpose of equality.

Key words: equity, equality, formal equality, inequality.

Қай кезде болмасын Мемлекетпен қоғамдық құрылымның әділеттілік идеясы болып азаматтар арасындағы теңдік қағидасы саналады.

Бірақ аталған теңдікті қамтамасыз ету түрлі ситуациялар арқылы орын алатын. Ол азаматтық және объективті фактор болуы мүмкін еді. азаматтар арасындағы теңдікті қамтамасыз ету кез келген қоғаммен мемлекеттің негізгі өзекті мәселелерінің бірі.

Теңдік мәселесінің түп тамыры философиялық, заңдылық және этикалық проблематикаға жата отырып, адамзатты оны даму тарихынан бері толғандыруда. Теңдік туралы теориялық мәселелер өмірдің өзгеруімен қатар өзгеріп келе жатыр. Бұл сұрақ бір саяси

және экономикалық құрылымнан екіншісіне ауысу кезіндегі қоғамда ерекше маңызға ие.

Құқықтық теңдік (формальді) – бұл саяси режимдердің, экономикалық кризистің, діни ауытқушылықтардың, сыртқы және ішкі саясаттың бағытының өзгеруінен және басқа да қоғамның және мемлекеттің түбегейлі өзгерісіне ұшырау арқылы күрделі деформацияға ұшыраған және құқық қатынастардың белгілі бір индикаторы болып табылатын құқықтық категория.

Құқықтық теңдік белгілі бір кешенді құқықтық көріністі білдіреді. Ол бар және әрекет етуші нормативтік құқықтық базамен, құқықтық жүйенің ерекшеліктерімен, сонмен қатар, халықтың қалыптасқан салтымен анықталатын

қоғам мен мемлекеттің тиісті даму деңгейін сипаттайды.

Формальді теңдіктің негізгі маңыздылығы (заң алдындағы теңдік)- оның көмегі арқылы құқықтың тең емес субъектілерінің құқықтық жағдайлары теңестірілуінде, ал ол өз кезегінде, әлеуметтік әділеттілік қағидасын жүзеге асырудың толық механизмін орнатуға мүмкіндік береді.

Тиісінше, құқытық теңдік бұл фактілі теңдік емес, ал мүмкіндік теңдігі: адамдардың және олардың әлеуметтік деңгейінің бірдей болмауында. Сонымен қатар, тұлғалардың әлеуметтік деңгейіне қарамастан бірдей деп танылуы және бостандық еркіне ие болуы, сол себепті де өз әрекеттері үшін, олардан туындайтын құқытық салдарына жауап беретіндігі үлкен маңызға ие [1].

Сол себепті де, формальді сипатқа құқытық теңдік өзінің тұрақтылығымен сай келеді. Формальді теңдікті кез кел- келген тәсілмен «реальным (фактическим) теңдікпен» алмастыру ақыр аяғында теңдіктен мүлде бас тартуға алып келеді, өйткені, бұл қоғамдық қатынастарды реттеудің құқытық формасынан бас тартуды білдіреді [2].

Кенес одағы тұсында (сонымен қатар құқытық ғылымның дамуының тұсында) фактілі теңдікке жету қоғамның мақсатына жататын.

Марксизм-ленинизм көзқарасы бойынша формальды теңдік бұл «еңбек бойынша» жеке тұтыну заттарын бөлу үшін сақталған «тең құқықтылық», ал фактілі теңдік бұл «қажеттіліктер бойынша» тұтынумен байланысты қанағаттандыру. Бұдан теңдікке қатысты тең ретінде қарастырылатын формальды теңдік фактілі теңдікке қарама-қайшы келеді. Ол өз кезегінде теңсіз адамдарға теңсіз қатынас арқылы көрініс табатын. Мұндай тұрғыда «формальды теңдік» категориясы соңғы кезекке ығыстырылатын [3].

Формальды теңдік бүгінгі таңда тек жекелеген институттардың ғана емес, сонымен қатар азаматтық қоғам мен жалпы құқытық мемлекеттің дамуы мен қалыптасуында маңызды рөлге ие. Теңдік құқытық мемлекеттілік пен азаматтық қоғамның элементтерінің қалыптасуына ықпал етеді. Себебі «азаматтық қоғам негізінің басты нысаны азаматтардың құқық пен бостандықтарды иелену негізі заңдық теңдіктің мойындалуы болып табылады» [4].

Формальды теңдік – заң алдындағы теңдік, яғни заң барлығына бірдей. Заң мен сот алдында жұрттың барлығы тең. Теңдікті заң алдында декларациялаудың қажеттілігі тек біздің ғана мемлекетіміздің тарихымен ғана емес өзге мемлекеттердің тарихымен дәлелденген. Барлық уақытта да өздерін заңнан жоғары санаған адамдар болды. Сол себепті де заң алдында теңдік ережесін негізгі заңның деңгейінде бекіту құқытық мемлекеттік өмір сүруі үшін қажетті шарт болып саналады.

XIX ғасырдың өзінде-ақ, ағылшын заңгері А. Дайси, құқықтың ең жоғары тұру қағидасынан келесілер туындайтынын, яғни мемлекеттік билікті ұсынатын тұлғаларға және мемлекетке қатысты заңдар, қарапайым адамдарға да қатысты екендігін атап айтқан. Егер де мемлекет не оның қызметкері заңды бұзатын болса, кез келген азамат тәрізді ол да дәл сондай жауаптылыққа тартылады [5].

Дегенмен заң қандай нормаларды бекітіп, ұсынады? Заң көптеген жағдайларда құқытық қатынасқа түсетін әртүрлі субъектілерге қатысты тең келмейді, ол бір-бірінен ерекше жауаптылық пен бостандықты, құқықты, жүріс-тұрыс ережесін бекітеді. Бірақ та бұл заң шығарушының субъективті позициясымен емес, объективті факторлардың бар болуымен байланысты. Олар: тұрғылықты жері, жұмыс орны, орындайтын қызметі, білімі, семьялық жағдайы, жынысы, жасы, т.б.

Тек тең шарттарында ғана құқық субъектілері тең дәрежеде болуы тиіс. Көп жағдайларда, кейбір «теңсіздікпен байланысты негіздер заң шығарушымен біле тұра қалыптастырылады. Мұнда басты «айыпты» болып, әділеттілік құқытық қағидасы саналады» [6].

Сол себепті де теңдік қағидасы бұзылған болып саналмайды, Өйткені қандай да бір категориядағы тұлғалардың арасындағы өзгешеліктер, олар үшін түрлі құқытық реттеуді қарастыруға жеткілікті болып саналды. Заңды теңсіздіктің екіжақтылық табиғатына сай екендігін ескеру қажет. Бұл фактілі теңсіздікті жеңудің механизмі болып табылады. Сонымен қатар бір уақытта мемлекет пен қоғамның маңызды функцияларын жүзеге асыруды қамтамасыз етуге бағытталған құқытық шектеулердің мезанизмін сипаттап көрсетеді.

Аталған ереже бір қарағанда жоғарыда келтірілген ұсынысқа толық сай келмейді.

Занды теңсіздік нормативті құқықтық актілерде бекітілген құқықтық тәсілдермен анықталуы мүмкін. Ондай категориялардың ішінде келесілерді бөліп көрсетуге болады: белгілі бір жеңілдіктерді, әлеуметтік кепілдіктерді, компенсацияларды, қосымша құқықтарды ұсыну; әлеуметтік қамсыздандыру, т.б.

Жоғарыда көрсетілгендермен байланысты, заңды теңсіздік – фактілі теңсіздікті жеңудің механизмі, сонымен қатар мемлекет пен қоғамның маңызды функцияларын орындауды қамтамасыз етуге және әлеуметтік әділеттілік қағидасын жүзеге асыруға бағытталған құқықтық қатынас субъектілерінің құқықтық жағдайын теңестірудің құқықтық тәсілдерін қолдану арқылы құқықтық шектеулерді анықтау.

Бұл жерде заңды теңсіздіктің қажет екендігін де байқауға болады. Өйткені көптеген фактілердің ықпалынан күрделі өзгеріске ұшыраған құқықтық көрініс бола тұра, халықтың қалыптасқан салты және қоғамдық өмір мен өмір сүріп жатқан саяси шарттармен анықталады.

Жоғарыда көрсетілген заңсыз теңдіктің орнатылу өзгерістері мемлекет пен қоғамның нақты бір тарихи даму кезеңдеріне байланысты. Сол себепті де олардың алдыңғы бекітілген міндеттері үнемі дамып, өзгеріп отыруға тиісті динамикалық тұрғыдағы категориялар.

Бұл жерде жекелеген азаматтарға қандай да бір шектеулер не мүмкіндіктер беру арқылы заңды теңсіздікті орнату заң шеңберінен аспауы тиіс, ал оның маңызды шарты болып негізсіз дискриминацияға жол бермеу танылады.

Жоғарғы сот инстанциясының көзқарасы бойынша және біздің ойымызша, бүгінгі таңдағы қоғамның жағдайына сай келеді, дегенмен бұл нормаларды тәжірибелік тұрғыда жүзеге асыру (ал тәжірибе көрсеткендей, кейбір жағдайларда бұл орын алып отыр) жекелеген категориядағы тұлғаларды шектеуге алып келіп отыр. Сонымен қатар бұл бірінші кезекте тиісті деңгейде құқықтық сана мен құқықтық мәдениеттің болмауын және құқықтық нигилизмнің кең тарағанымен байланысты.

Бұл тұрғыда Г.Н. Комкованың дамыған мемлекеттерде адамдардың конституциялық құқықтық баға жетпес мүдделерді қорғау мақсатында заң алдында теңсіздікке жол беріледі және сондай тұрғыдағы теңсіздік ерекше тәртіпте жауаптылыққа президентті, билік органдарын танытатын депутаттарды, соттар

мен прокурорларды тартуға мүмкіндік береді деген пікірімен мүлдем келісуге болмайды [7].

Бұл жағдайда заңсыз теңсіздіктің келесідей мысалдарын келтіруге болады: әрекет етуші құқық жүйесінің шарттарындағы құқықтық қатынастардың түрлі субъектілерінің заң алдындағы теңсіздігі, бүгінгі таңдағы құқық жүйесінде оның маңызды қағидасы болып танылатын формальды теңдіктің жоқ екендігін мойындау. Формальды теңдіктің негізіне кез келген азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет жатады.

Жоғарыда келтірілгендерден келесідей сұрақ туындайды: өмір сүруші қоғамдық қатынастардың дамуына және оларды реттеу үшін құқықтық категория ретіндегі формальды теңдік керек пе?

Теңдіктің басты мақсаты болып әлеуметтік әділеттілік қағидасын жоғары дәрежеде жүзеге асыру танылады.

Тек нақты формальды теңдік қана қоғамның жай қатарындағы мүшесінің құқықтық статус эталонын қалыптастырады. Сонымен қатар қоғамдық қатынастардың түрлі субъектілерін салыстырудың жалғыз тәсілі болып танылады. Бірақ та формальды теңдіктің мақсатына қоғамдық қатынас субъектілерінің құқықтық жағдайын теңестіру жатпайды, бұл заңның жұмысы заңмен реттелуге тиіс.

Сонымен, фактілі тұрғыда, формальды теңдік формальды, фактілі теңсіздікті жеңудің құқықтық тәсілі мен механизмі ретіндегі заңсыз теңсіздік пен орын алып жатқан қоғамдық қатынастардың объективті көрсеткіші ретіндегі, формальды теңсіздік арасындағы теориядағы кезең.

Сонымен, бұл аралық «кезең» қажет пе? Жалпы, теңсіздік шартында формальды «теңестіру процесі» қажет пе? Мақсаты фактілі теңдік болып саналатын формальды теңдікке жетудің жолы болып табыла ма? Аталған мақсатқа жету де мүлдем мүмкін емес. Социал демократизм идеологын ұстанушылардың пікірінше, бұл қолдануға жататын тәсіл. «Әлеуметтік теңсіздіктен құтылу үшін құқық тең болудың орнына теңсіз болуы қажет»[8].

Демек, қорыта келе, ең бастысы, қоғамның, мемлекеттің және құқықтың дамуымен тарихи перспективада қоғамдық қатынастардағы теңдіктің мазмұны мен рөлінің маңыздылығы жайындағы келтірілген сұрақтарға толық және

нақты жауап беруге болады. Дегенмен бүгінгі таңдағы жағдайда, яғни теңдік мәні жайлы құқық теориясында бірдей көз қарастың болмауынан, фактілі теңдіктің өзгеріске ұшыраған нысандары, формалары орын алады. Заңды теңсіздікті анықтап, айқындайтын нормативті түрде бекітілген тәсілдер саны аз, фактілі теңсіздіктің жабық насына кең жайылған. Барлық қоғамдық қатынастардың маңызды элементі ретіндегі теңсіздікке де-

ген көзқарастарын өзгертуге құқықтық мәдениеттің дамымауы, жоқтығы әсер етеді. Формальды теңдік мемлекетке де, қоғамға да, құқық жүйесіне де өте қажет.

Сонымен, құлиеленушілік қоғамда да, ортағасырлық мемлекеттерде де теңдік мемлекеттік деңгейдегі маңызға ие мәселе болған. Ол олардың даму бағытын анықтаушысы саналған. Сондықтан бұл сауал қоғамның дерті ретінде көрініс табады және одан әрі зерттеуді қажет етеді.

Әдебиеттер

- 1 Лейст О.Э., Мачин И.Ф. Гражданское общество и современное государство // Вестник МГУ. Сер. 11. Право. – 1996. – N 4. – С. 32-33.
- 2 Козюк М.Н. Правовое равенство в механизме правового регулирования: учеб. пособие. – Волгоград, 1998. – С. 14.
- 3 Болгова В.В. Принцип равенства в публичном и частном праве. – Самара, 2004. – С. 126-127.
- 4 Лейст О.Э., Мачин И.Ф. Указ. изд. – С. 33.
- 5 Зубакин В.Ю. и др. Указ. соч. – С. 20.
- 6 Колодий А.Ф. Социальная справедливость и ее проявление через отношения равенства и неравенства. Автореф. дисс. ... канд. филос. наук. М., 1992. – С. 7.
- 7 Комкова Г.Н. Конституционный принцип равенства прав и свобод человека в России. – Саратов, 2002. – С. 19.
- 8 Маркс К., Энгельс Ф. Соч. – Т. 19. – С. 19.

References

- 1 Leist O.E., Machin I.F. Civil society and the modern state // Vestnik MGU. Ser.11. The right, 1996. – N 4. – P. 32-33.
- 2 Kozyukov M.N. Legal equality in the legal regulation mechanism: Textbook. allowance. – Volgograd, 1998. – С.14.
- 3 Bolgova V.V. The principle of equality in public and private law. – Samara, 2004. – P. 126-127.
- 4 Leist O.E., Machin I.F. Ordinance. ed. – P. 33.
- 5 Zubakin VY and others, op. Op. – P. 20.
- 6 Kolodiy A.F. Social justice and its manifestation through the relations of equality and inequality. Author. diss. ... Cand. Philosophy. Sciences. – M., 1992. – P. 7.
- 7 Komkova G.N. Constitutional principle of equality of rights and freedoms in Russia. – Saratov, 2002. – P. 19.
- 8 Marx K., Engels, Soch. – T.19. – P.19.